



ҚР ДСМ «М. Айқымбаев атындағы
АҚИҰГО» ШЖҚ РМК
2022 жылғы 20 қазандағы № 241
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсеткен қызметкерлерін қорғаудың құқықтық тетігін қамтамасыз ету жөніндегі ереже

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсеткен қызметкерлерін қорғаудың құқықтық тетігін қамтамасыз ету жөніндегі ереже (әрі қарай – Ереже) 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсеткен қызметкерлері (бұдан әрі – өтініш беруші) мемлекет қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекетпен көтермеленеді.

Осы тармақтың ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған өтініш берушілерге қолданылмайды, олар заңға сәйкес жауапты болады.

3. Осы ереже сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлауда заңды күшіне енген сот шешімімен кінәлі деп танылған өтініш берушілерге қолданылмайды.

4. Кәсіпорын құқық қорғау органдарына еңбек міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын дайындау немесе жасау туралы өздеріне белгілі болған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсеткен ақпарат туралы хабарлаған өз қызметкерлеріне қатысты қандай да бір санкциялардан бас тарту міндеттемесін өзіне алады.

5. Өтініш беруші туралы ақпарат құпия ақпарат болып табылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Өтініш берушіні ықтимал қолайсыз салдарлардан қорғау шаралары:

1) өтініш берушінің дербес деректерінің құпиялылығы;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы жасырын хабарлау мүмкіндігі;

3) өтініш берушіге қатысты қабылданатын кадрлық шешімдерді қосымша бақылауды қамтиды;

4) арыз берушінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты ашумен байланысты репрессивтік іс-әрекеттерге өтініштерін (шағымдарын) қараудың ерекше тәртібі;

5) өтініш берушіні құқыққа сыйымсыз тәртіптік жаза қолдануға, лауазымын төмендетуге, жұмыстан босатуға тыйым салу жатады;

6) өзге де шаралар.

7. Егер репрессиялық әрекеттерге шағым негізделген деп танылса, Кәсіпорын келесі әрекеттерді қабылдайды:

1) негізсіз шешімнің күшін жояды;

2) репрессивтік іс-әрекеттер қолданған адамдарға қатысты тәртіптік жауапкершілік шараларын қолданады;

3) өтініш берушіні өзге лауазымға ауыстырады;

4) өзге де әрекеттер.

8. Кәсіпорын келісім комиссиясының ұсынымынсыз өтініш берушіні тәртіптік жауапкершілікке тарта алмайды немесе қызметінен босата алмайды немесе басқа лауазымға ауыстыра алмайды.

9. Жұмыс орнында өтініш берушіні қорқытуға, қудалауға, қысым жасауға, қысым көрсетуге және оның құқықтары мен заңды мүдделеріне өзге де қысым жасауға жол берілмейді.

10. Өтініш беруші, егер ол пара беруден немесе алудан, коммерциялық параға сатып алудан немесе өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан бас тартса және бұл бас тарту Кәсіпорын үшін экономикалық залал келтірсе, жауаптылыққа тартылмайды.

11. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12. Осы ережені бұзуға жол берген Кәсіпорын қызметкерлері заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

13. Ереже Кәсіпорынның интернет-ресурсында және ақпараттық стенділерінде орналастырылуға жатады.